



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

[Текст] / М. Каргина. – 2003. – №4. – С.26-31

4. Колычева, З. И. Технологии социального развития личности в образовательном процессе [Текст] / З.И. Колычева. – Тобольск: ТГПИ им. Д. И. Менделеева, 2005. – 204 с.

5. Развитие социальной активности подростков в учреждении дополнительного образования детей [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.ceninauku.ru/page_26804.htm. - 2.11.2014.

6. Социальная активность личности: методическое пособие [Текст] // МУ Центр Психолого-педагогической и медико-социальной помощи «Вита». – Новосибирск: Вита, 2006. – 144 с.

УДК 37.035.6

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТӘРБИЕДЕГІ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Әлімхан Қамарсұлу Саламатқызы

kamarsulu92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ. Шалғынбаева

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпақты тәлім-тәрбие мен адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде білім берудің айқын жолдарын жетілдірудегі басым бағыттарын айқындауда, ұлттық сана мен адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру көкейтесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн», — деген талапты білдіреді [1]. Олай болса, басты мақсат - жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, тәрбиелеу керектігі күн өткен сайын маңызды болып отыр. Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М. Шоқай, М. Дулатов, Х. Досмағанбетұлы, Қ. Кемеңгерұлы, М. Жұмабаев секілді т.б. өз пайымдауларында ұлтты жаңа жағдайларда қалай сақтап қалауға болатыны, оның рухани жаңаруы, әлемдік өркениет биіктеріне тарту үшін не істеу керектігі туралы мәселелерді маңызды деп санады. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», — деп өз халқына деген өсиетін айта отыра, үшінші қара сөзінде: «адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген тұжырым жасайды. Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды». Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету – басты міндетіміз.

Олай болса тәрбие ел болашағы үшін оның байлығын еселейтін білікті мамандардың болуымен ғана емес, олардың дүниетанымы, азаматтық, адамгершілік ұстанымының маңыздылығымен де құнды.

«Құндылықтар» санаты тұлға, адамгершілік, ізгілік проблемаларына қызығушылық артқан ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақстандық ғылымда философиялық, педагогикалық түсінік нысаны болды. Құндылықтар – қоғамдық маңызды материалдық, әлеуметтік нысандар. Құндылықтар жалпыадамзаттық және ұлттық болып екіге бөлінеді.

Кей кезде жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлттық құндылықтар дегенді, олардың

қаншалықты өзара үйлесімді және өзара қолайлы екенін біржақты анықтау мүмкін емес:

біріншіден, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арасында темір қамал жоқ, олар өзара байланысты;

екіншіден, жеке халықтардың ұлттық құндылықтары адамзаттық құндылықтары болып табылады;

үшіншіден, көптеген нағыз ұлттық құндылықтар жалпыадамзаттық құндылықтарға ұласады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар - адам туралы философиялық ілім мен аксиология ғылымның маңызды жүйесіне енетін түсініктер кешені. Олар адам тегінің ұлттық, саяси, діни және басқа да әуестігінен еркін жалпы мүддесін білдірумен ерекшеленеді және осы сипатта адамзат өркениеті дамуының императиві болып табылады. Сонымен жалпыадамзаттық құндылықтар – бұл барлық мәдениет пен адамзат қоғамы үшін абсолютті стандарт болып саналатын іргелі, жалпыадамзаттық бағдарлар мен нормалар, моральдық құндылықтар.

Бірқатар жалпыадамзаттық құндылық архетиптер ретінде өмір сүре алады:

- барлық елдердегі көптеген негізгі заңдар жалпыадамзаттық құндылықтарға жатады (мысалы, кісі өлтіру, ұрлық жасауға және т.б. тыйым салу);

- сөз бостандығы, адам құқықтары сияқты бірқатар либералдық принциптер жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады;

- көптеген діндер өз ұстанымдарын жалпыадамзаттық құндылықтар деп санайды. Мысалы, христиандар бұған он өсиетті жатқызады;

- «Адамгершіліктің алтын ережесі» деп саналатын «Өзіңе ұнамайтынды өзгеге жасама» - жалпыадамзаттық құндылықтардың мысалы бола алады.

Ұлттық құндылықтар - қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтар бір этностық топқа тиесілі адамдардың мінез-құлқының әлеуметтік және нормативтік –мәдени аксиомасы рөлін атқарады. [2].

Мемлекет басшылыққа алатын құндылықтар, идеялар мен басымдықтар жүйесі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбектерінде тұжырымды түрде баяндалған. Бұл – ұлтаралық келісім және ұлттар ішіндегі бірлік, қазақстандық патриотизм, жоғары тіл мәдениеті, толеранттылық, тұрақтылық және жаңғырту. Президенттің Отанымыздың алға басуы және гүлденуі жолында этностар мен этникалық топтарды рухани біріктіру идеялары өте өзекті. Беріген мемлекеттік аксиологиялар негізінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесінде тәрбие жүйесін жаңғыртудың мемлекеттік басымдықтары «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрсетілген. Жастардың әлеуметтену процесі келесі құндылықтарға негізделеді: патриотизм, халық бірлігі, мәдени саналуандық, толеранттылық, отбасы, денсаулық және спорт, саламатты өмір салтын сақтау [3].

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге адамзат өркениетіне ұлттық тарихымызбен, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, жас ұрпақ -ты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар негізінде қабілетті тұлға тәрбиелеу керек. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығару үшін: ана тілі мен дінін, тарихын, салт-дәстүрін, жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру бағытында ғана басты мақсатқа жетеміз. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген оңтайсыз мәселелерді бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Жас ұрпаққа заманауи білім бере отырып, ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы ғана біз өзіміздің ұлттық табиғи-тарихи бітім-болмысымызды, өзге жұртқа ұқсамайтын ұлттық ерекшелігімізді, ұлттық ой-санамызды, ойлау машығымыз бен дүниетанымымызды қорғап қалып, жаһандану үдерісіне бейімделе аламыз. Ұлттық тәлім-тәрбие осы бір қауіпті де қажетті, қашып құтылу мүмкін емес үрдістен бізді ұлттық мемлекет ретінде сақталып қалуымызда үлкен рөл атқаратын бірден-бір тетік. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы,

кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие — ел болашағы.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Ұлттық тәрбиені ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарауға болады. Ол үшін ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етіп алуымыз жөн. Әрине, тәрбие жалаң болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады [4]. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде де ұлтымызға, болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз .

Қолданылған әдебиет

1. Зауре Арынова «Елбасы жолдауындағы ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы ұрпақ тәрбиесінің рөлі» ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты - Астана қ. «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары». Әдістемелік құрал.- Астана: БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. -3-6б
2. «Қазақстан 2020 болашаққа жол» ҚР Үкіметінің 2013жылғы 27ақпандағы №191 қаулысы // ресми мәтін. – Астана, 2013
3. Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы <http://mtdi.kz/oku-adisteme/>

УДК 37.035.6 (574)

ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН АРТТЫРУДА БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ ДӘРЕЖЕСІ ТЕҢ

Әбдімәулен Гүлмира Әбдімәуленқызы

abdimaulen_ga@enu.kz

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, педагогика ғылымының магистрі,
филология факультеті деканның студенттермен жұмыс жөніндегі орынбасары,
Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Осы тақырып мәселесі барлық қоғамдық, мемлекеттік, саяси, мәдени-рухани тақырыптардың өзегі деуге болады. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына Жолдауында «оқыту үрдісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажеттілігін» ерекше ескерткен және олардың ең бастыларының қатарында «патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттық, тәннің де, жанның да жан-жақты толық дамуы, заңға мойынұсынушылық» нақты аталды. Сонымен қатар, «аталған құндылықтар меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан еліміздің барлық оқу орындарында кеңінен орындалып, жастар бойына сіңіруге тиіс». Ондай болса, патриотизм идеясы жастарға білім мен тәрбие берудің барлық бағдарламасынан көрініс тауып, жалпы көпшіліктің де одан хабардар болғаны жөн.

Бүгінгі күні Еліміздің егемендікке жетуі халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасауда. Қазіргі кезде барлық оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша